

А. СҰЛТАНҒАЛИ,

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінің
басшының оқу-өндірістік жөніндегі орынбасары

NCOC: ТҰРАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕС

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінің NCOC компаниясымен ынтымақтастығы 2016 жылдан бері жалғасып келеді. Компания колледжді заманауи технологиялармен жабдықтап, жаңа шеберханалар ашуға тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Компанияның қолдауы білім беру сапасының артуына және жоғары білікті мамандарды даярлауға үлкен әсер етеді.

2025 жыл – Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған тарихи жылы аясында, колледж аймақтың ірі компанияларымен және бизнес-қауымдастығымен белсенді ынтымақтастық орнатып келеді.

Ағымдағы жылдың 17 ақпан күні Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінде «StartProfi-Tupkaragan» кәсіптік бағдар беру алаңының ашылу салтанаты аясында «Тігін өндірісі» шеберханасы ашылды.

Тігін ісі – бұл матамен сырласып, жіппен өрілген өнер. Ол тек киім мен бұйымдарды әзірлеу ғана емес, шеберлік пен шығармашылықтың, дәстүр мен жаңашылдықтың үндесуі. Қолөнерден кәсіби өндірістің биік шыңына дейінгі шексіз мүмкіндіктер әлемі.

Бұрын ауыл тұрғындары тігін ісін меңгеру үшін қалаға аттануға мәжбүр болса, енді бұл мүмкіндік өз колледжде қолжетімді. Алдағы оқу жылында **"Тігін өндірісі және киімді үлгілеу"** мамандығы ашылып, студенттер заманауи жабдықталған шеберханада кәсіби білім алуға мүмкіндік алды.

2025 жылы **НКОК-тың қаржылық қолдауының** арқасында тігін шеберханасы ашылып, жаңа заманға сай техникалық жабдықтармен толықтырылып, өз жұмысын бастады. Бұл инвестиция – тек заманауи

құрал-жабдыққа емес, сонымен қатар біздің өңіріміздің болашағына, білікті мамандарды даярлауға, жергілікті өндірісті дамытуға және кәсіпкерлікті қолдауға жасалған маңызды қадам.

Тігін цехы білім беру, инновация және әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтитын көпқырлы орталыққа айналады. Мұнда болашақ мамандар шеберліктерін шыңдап, стартаптар дамытылатын бизнес-инкубатор ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ, жергілікті кәсіпкерлерді қолдап, өңірлік өндірісті нығайтуға серпін береді. Бұл жоба – тігін ісін өркендетіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын игі бастама.

Шеберхана білім беру қызметімен қатар, халыққа кең ауқымды тігін қызметтерін ұсынады. Мұнда балалар, әйелдер, ерлер киімі, ұлттық костюмдер, арнайы киім, мектеп формасы мен сахналық костюмдер тігіледі. Сондай-ақ, сырмалар мен астарды ауыстыру, тігістерді бекіту, ұзындығын реттеу, тарылту, кеңейту, түймелер мен ілгектерді жаңарту сияқты жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Киімді сәндік безендіру: кестелеу, аппликация, көркем тігу қызметтері де қарастырылған. Шеберхана сапалы әрі кәсіби қызмет көрсетуді басты мақсат етеді.

Осы шеберхананың ашылуы – тек колледж үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін маңызды қадам. Ол кәсіби білім беруді дамытуға, шағын бизнесті қолдауға және экономикалық тәуелсіздікті нығайтуға жаңа серпін береді.

НКОК компаниясының қолдауы – жас мамандардың болашағына, туған өлкеміздің дамуына салынған құнды инвестиция.

Тігін шеберханасының лентасын қию құрметіне колледждің ардагер ұстазы-Сисенбаева Сақыпжамал Молдабекқызы, жеке кәсіпкер «Айлин» тігін шеберханасының директоры-Қалиева Оразхан Ізтұрғанқызы, НКОК компаниясының жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі үйлестірушісі-Нұржауов Азат Исаұлы ие болды.

Колледжге көрсеткен қаржылық және материалдық жағынан қолдауларыңыз оқу процесін дамытуға, жаңа оқу құралдары мен жабдықтармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп, еліміздің игілігі үшін мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады.

Демеушілік қолдау — бұл тек білімге инвестиция ғана емес, сонымен қатар тұрақты және гүлденген өңір құру жолындағы маңызды қадам.

МАҢҒЫБАЕВА ГҮЛЗИРА МҰХАНБЕТКЕРЕЙҚЫЗЫ,

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінің
басшының кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары

«STARTPROFI-TUPKARAGAN» АЛАҢЫНДАҒЫ «БАЛЫҚ ӨНДІРІСІ» ШЕБЕРХАНАСЫ: ЖАҢА КӘСІПТІК БАҒЫТ

2025 жылдың 17-21 ақпан аралығында Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялау туралы Жарлығын жүзеге асыру аясында, сондай-ақ 11.12.2024 ж. №129 «Маңғыстау облысында Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу жөніндегі іс-шараларды бекіту туралы» Маңғыстау облысы әкімінің өкіміне және Маңғыстау облысы Білім басқармасының жоспарына сәйкес, Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі Түпқараған ауданында «StartProfi-Tupkaragan» кәсіптік бағдар беру алаңы ашылды.

Мақсаты- Жұмысшы мамандықтарын насихаттауға, жастардың кәсіби бағдар алуына ықпал етуге және «StartProfi-Tupkaragan» кәсіптік бағдар беру алаңында- мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, алғашқы кәсіби дағдыларын қалыптастыру және мектеп оқушылары арасында жұмысшы мамандықтардың беделі мен маңыздылығын, еңбекке қызығушылығын арттыру және болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға ықпал ету;

«StartProfi-Tupkaragan» кәсіптік бағдар беру алаңы тек кәсіби мамандар мен болашақ мамандардың бас қосу алаңы ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемелері мен бизнес қауымдастығы арасындағы өзара іс-қимыл алаңы болды. Ол білікті кадрларды даярлауға назар аударуға бағытталды. «StartProfi-Tupkaragan» кәсіптік бағдар беру алаңында «Балық өндірісі» шеберханасының лентасы қиылды. «StartProfi-Tupkaragan» кәсіптік бағдар беру алаң жастарға жұмысшы мамандықтарымен танысуға, пайдалы дағдыларды меңгеруге және болашақ мансабына жаңа перспективалар ашуға бірегей мүмкіндік береді.

Бұл іс-шараның арқасында білім беру жүйесі, бизнес және жұмыс берушілер арасындағы өзара әрекеттестік нығая түсті, бұл болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

«Балық өндірісі» шеберханасы Маңғыстау облыстық білім басқармасының тікелей қолдауымен жүзеге асып, бүгінгі жаңа нұсқасы студенттерге заманауи балық өнеркәсібі технологияларын меңгеруге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жергілікті бизнестің өркендеуіне және түлектердің еңбек нарығындағы орнын нығайтуға ықпал етеді.

2024 жылы жергілікті бюджеттен бөлінген 47 миллион теңге көлеміндегі қаржылық қолдаудың арқасында «Балық өндірісі» шеберханасы ашылып, заманауи техникалық жабдықтармен толықтырылып, өз жұмысын бастады. Бұл инвестиция — тек заманауи құрал-жабдыққа ғана емес, сонымен қатар біздің өңіріміздің болашағына, білікті мамандарды даярлауға және өңірлік өндірісті дамытуға жасалған маңызды қадам.

Балық шаруашылығы Түпқараған ауданының ата кәсібі. Біздің өңіріміздің тарихында балық шаруашылығы ерекше орын алады. Біздің ата-бабаларымыз ежелден балық өндіру мен оны өңдеуді дәстүрлі кәсіп еткен. Бұл кәсіптің тамыры тереңде және бүгінгі күні біз осы ұлы дәстүрді жалғастырып, қазіргі заманғы білім мен технологияларды енгізіп, ата-бабаларымыздың ізімен жүріп келеміз.

Балық шаруашылығы кәсібін игеру үшін бүгінгі күні бұл мүмкіндік өз колледжімізде қолжетімді. «Балық өндірісі» мамандығы ашылып, студенттер қазіргі заманғы жабдықталған кабинетте кәсіби білім алуға мүмкіндік алды. Бұл кабинеттің ашылуы — тек колледжіміз үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін маңызды қадам. Ол кәсіби білім беруді дамытуға, жергілікті өндірісті қолдауға және экономикалық тәуелсіздікті нығайтуға жаңа серпін береді.

«Балық өндірісі» шеберханасында: Балық өңдеу және сақтау үшін қажетті барлық заманауи жабдықтар, арнайы құралдар мен технологиялар бар. Балықты алғашқы өңдеуге арналған балықтың қабыршағынан ажырататын машиналар, слайсер, мясорубка, балықты ыстау аппараты пен балық консервілерін жасауға арналған құрылғылар бар. Сонымен қатар, балық өнімін қаптауға, вакуумдауға және этикетка жабыстыруға арналған құрылғылар бар. Бұл шеберханалар тек кәсіби білім беру ғана емес, сонымен қатар, жергілікті балық шаруашылығына қатысты қажетті білім мен ақпарат алуға мүмкіндік береді.

«StartProfi-Tupkaragan» алаңының балық өндірісі шеберханасы көптеген мүмкіндіктер мен ерекшеліктерге ие. Біріншіден, алаң заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған, бұл оқушылар мен мамандардың ең жоғары деңгейдегі тәжірибе алуларына мүмкіндік береді. Екіншіден, шеберхананың басты ерекшелігі — оның тұрақты түрде жаңарып отыратын оқу бағдарламалары мен тәжірибе алмасу мүмкіндіктері.

«StartProfi-Tupkaragan» алаңында ашылған «Балық өндірісі» шеберханасы — кәсіптік бағдар беру жүйесінде жаңа бастама болып табылады. Бұл жобаның басты мақсаты — балық шаруашылығын дамытуға бағытталған мамандарды даярлау, жастарға жаңа кәсіби дағдылар мен балық өндірісінің мүмкіндіктері туралы білім беру. Жергілікті және аймақтық экономикаға әсер ететін бұл қадам, сондай-ақ, жалпы еліміздің аграрлық секторындағы жаңа бағыттарды дамытуға үлес қосары сөзсіз. Біздің басты мақсатымыз — осы ата кәсіпті сақтап, оны жаңа буынға жеткізу.



АДИЛХАНОВА ГУЛЖАН ГАЛЫМОВНА,
Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі
Арнайы пән оқытушысы

ҰЛТТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР: «ШАШАҚ БАУ ЖАСАУ ӘДІСІ» ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Шашақ баудың шығу тарихы қазақтардың көшпенді өмірінде шашақ бау практикалық және эстетикалық рөл атқарған. Кең далада өмір сүре отырып, қазақтар бөлшектерді біріктіріп, киімдерді сәндеп, киіз үйлерінің ішін әрлеу үшін шашақ бауларды қолданған. Олар табиғаттан алынған материалдарды, мысалы жүн, тері және өсімдік талшықтарын қолдану арқылы әсем өрнекті баулар жасаған. Киіз үйді шашақпен безендіру — қазақ халқының колөнерінде және ұлттық мәдениетінде маңызды орын алатын дәстүр.

Киіз үй — қазақтың басты тұрғын үйі, және оның ішкі безендірілуі ұлттық өнердің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Шашақтар киіз үйдің сәнін арттырып, оның әсемдігін көрсетеді, сондай-ақ оны қоршаған ортадан айрықша етіп жасайды. Сонымен қатар шашақтар ұлттық өнердің айшықты бір бөлігі болып, әрқашан өзіне тән әсемдік пен ерекше мән береді.

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласында Worldskills Kazakhstan кәсіби шеберлік чемпионатының құрамдас бөлігі "Dalaskills-2025" I өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты өткен болатын. Чемпионат «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жас ұрпақты ұлттық мәдениетіне, әдет - ғұрыптары мен дәстүрлеріне, рухани және адамгершілік-этикалық құндылықтарға тарту мақсатында ұйымдастырылды.

Чемпионаттың мақсаты-ұлттық колөнерді жаңғырту, жастарды жұмысшы мамандықтарына баулу және еңбек мәдениетіне құрмет қалыптастыру. 11 құзыреттілік бойынша сайыстар өткізілді. Чемпионатқа 6 облыстан 100-ден астам студент пен 11 сарапшы қатысты. «Dalaskills» - дәстүр мен заманауи кәсіби білімді ұштастыратын маңызды алаң!

Ұлттық қолданбалы өнер: «**Шашақ бау жасау әдісі**» құзыреттілігі бойынша Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінің 1 курс студенті Далибай Гүлден Мұратқызы қатысып қола медаль иеленді. Конкурс тапсырмасы екі модульден тұрады.

Модуль – 1 тапсырмасы «Киіз үйге арналған шашақ бау жасау»

Шашақ жасауға түйін түйу үшін, күлтесін бекітуге алдымен қатты қылып жіптерін дайындап алу. Негізгі жіпті 90-100 см өлшемде алып, үш еселеп тұтқаға байлап негізгі жіптің сыртын түрлі түсті жіппен қатты айналдырып орып дайындау керек. Ұршықпен жіптерімізді ширатып дайындау. 1 күлтеше шашақ жасауға 130 моншақ/бисер өткіземіз. Шашақтың ұзындығы 10 см кем болмау керек. Шашақты ұстап тұру үшін 4 өрмелі бау тоқу.

Модуль -2 тапсырмасы «Жадағайға тағылатын шашақ жасау»

Шашақ жасауға түйін түйу үшін, күлтесін бекітуге алдымен қатты қылып жіптерін дайындап алу. Түйін санына қарай жіптің түстері таңдалады. Негізгі жіпті 90-100 см өлшемде алып, үш еселеп тұтқаға байлап негізгі жіптің сыртын түрлі түсті жіппен қатты айналдырып орып дайындау керек. Ұршықпен жіптерімізді ширатып дайындау. 1 күлтеше шашақ жасауға 130 моншақ/бисер өткіземіз. Шашақтың ұзындығы 6 см кем болмау керек. Шашақты ұстап тұру үшін 4 өрмелі бау тоқу керек

Шашақ бау жасау қазақ халқының көне дәстүрлерінің бірі болып табылады. Бұл өнер арқылы ата-бабаларымыздан қалған мұраның маңызды бір бөлігін сақтап қалуға мүмкіндік туады. Шашақ баулар қазақ мәдениетінде эстетиканың, шеберліктің символы. Олар киім-кешек, тұрмыстық заттарды сәндеуде қолданылады. Әр өрнек пен әр түс белгілі бір мағынаны білдіреді, сондықтан бұл өнер көркемөнердің тереңдігі мен байлығын көрсетеді.

Сәндік және эстетикалық мәні: Шашақтар киіз үйдің ішкі және сыртқы көрінісін әдемі әрі жинақы етіп безендіреді. Олар ұлттық өнердің бай мұрасын көрсетеді.

Тұрмысқа қолдану: Шашақтар, әсіресе, киіз үйдің есігін, керегесін, шаңырағын, мандайшасын, төсек-орындарды безендіру үшін пайдаланылады.

Рухани мәні: Киіз үйдің безендірілуінде шашақтардың символдық мәні де бар. Олар үйдің байлығын, қуатын, мәртебесін білдіреді. Көптеген аймақтарда шашақтардың пішіні мен түсі белгілі бір мағынаны білдіреді.

Қорытындылай келе, Шашақ баулар қазақ халқының рухани және мәдени мұрасын көрсететін көркемдік элемент ретінде қызмет етеді. Олар дәстүрлі өрнектермен және ұлттық нақыштармен безендірілуі арқылы халықтың тарихын, салт-дәстүрлерін және әлемге деген көзқарасын бейнелейді. Шашақ баулар тек әсемдік үшін ғана емес, бұл халқымыздың төл болмысын, шеберлігі мен шығармашылық әлеуетін көрсететін өнер түрі. Бұл өнердің

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы қазақ халқының мәдени және ұлттық бірегейлігін сақтауға қосқан үлесін көрсетеді. Шашақ баулар арқылы біз тек әдемі бұйымдар жасап қана қоймай, ұлттық дәстүрлерімізді жаңғыртып, оларды заманауи әлемге таныстырамыз.



НУРТАЕВА САНОБАР РАХИМЖАНОВНА,

Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы
№92"Ақ-су" жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

ТІКТӨРТБҰРЫШ ПЕН ШАРШЫНЫҢ АУДАНЫН ТАБУ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.3.1.3 тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану $(a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану 3.5.2.3 бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқу
Сабақтың мақсаты:	Бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқиды
Құндылықтар және оның мақсаты: Ай құндылығы: Әділдік және жауапкершілік	Сабақ құндылығы: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ Басқалармен бірлескен жұмыстың нәтижесін қорғай білу Апта дәйексөзі: Сәттілікке деген ең дұрыс жол-тағы да бір рет қадам жасап көру

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// Уақыты 30 минут	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту Психологиялық ахуал Әрбір адам? Туысым, досым, жұрағат. Әрбір сабақ? Үйрену, ұғу, ұлағат. Әрбір ісін? Тірлік, тірек, адамдық. Әрбір сөзін? Шындық, бірлік, адалдық.	Мақсаты: Бір-біріне құрмет сезімін ояту Амандасады	Мақтап, мадақтап отыру ҚБ: «Транспортир» әдісі	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы 6-тапсырма Тіктөртбұрыштың белгісіз қабырғасын қалай табуға болады? $A = 5\text{ см}$ $S = 15\text{ см}^2$	Үй тапсырмасын тексертеді	Дескриптор:	Оқу құралдары

дескрипторлар оқушының өз жетістігін саналы түрде бағалауына мүмкіндік береді. Талдау технологиясы арқылы оқушылар тек тілдік заңдылықтарды меңгеріп қана қоймай, әрбір сөздің, сөйлемнің мағынасын терең түсінеді, сөздердің мағыналық, грамматикалық қызметтерін өз бетінше анықтайды. Оқушылар мәтінді құрылымдайды, ойды жүйелейді, негізгі және қосымша ақпаратты ажырата алады. Бұл олардың функционалдық сауаттылығының басты көрсеткіштері. Бағдарламаның практикалық маңызы да жоғары. Ол қазақ тілі пәні мұғалімдері үшін әдістемелік көмекші құрал бола алады. Сонымен қатар факультатив, электив курстарында, сыныптан тыс жұмыстарда қолдануға да өте қолайлы. Бағдарлама мазмұны қазіргі заманғы білім беру парадигмасына толықтай сай келеді.

Қорытындылай келе, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы 6-сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін ғана емес, олардың функционалдық сауаттылық деңгейін де арттыруда тиімді құрал болып табылады. Бұл технологияны жүйелі қолдану арқылы оқушы тек ережелерді меңгеріп қоймай, алған білімін өмірде еркін қолдана алатын сауатты, ойлы, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан да ұсынылып отырған бағдарлама қазақ тілін оқытудың жаңа сапалы деңгейіне көтерілуге мүмкіндік береді.

САНАҚБАЕВА НАЗЕРКЕ МАҚСАТҚЫЗЫ,

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі

Математика пәні мұғалімі

PISA ТАПСЫРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Қазақстандағы білім беру жүйесінің жаңғыруы соңғы жылдары халықаралық талаптарға бейімделуге, оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталды. Бұл жаңғыру оқыту мазмұнын жаңарту, құзыреттілікке негізделген тәсілге көшу және бағалаудың жаңа түрлерін енгізуді қамтиды. Басты мақсат – оқушыны тек біліммен ғана емес, сол білімді өмірде қолдана алатын, сын тұрғысынан ойлай алатын, мәселелерді шеше алатын тұлға ретінде қалыптастыру.

Математикалық сауаттылық – бұл адамның күнделікті өмірде, кәсіби қызметте және азаматтық тұрғыда кездесетін мәселелерді шешу үшін математикалық білімді қолдана білу қабілеті. Бұл қабілет тек есеп шығару емес, сонымен қатар нақты өмірлік жағдаяттарды түсініп, оларды математикалық модельдеу, талдау және негізделген шешім қабылдау дағдыларын қамтиды. XXI ғасыр дағдыларына негізделген заманауи қоғамда бұл құзыреттілік маңызды орын алады.

PISA (Programme for International Student Assessment) – оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. Бұл бағдарламада білім емес, сол білімді күнделікті өмірде қолдана алу қабілеті (функционалдық сауаттылық) басты назарда. Сондықтан PISA форматына сай тапсырмаларды сабақ барысында қолдану – студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға өте тиімді

PISA-ның анықтамасына сәйкес, математикалық сауаттылық – бұл:

«Математикалық білім мен дағдыларды түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу, мәселені анықтау, талдау және математикалық түрде көрсету қабілеті».

PISA-дағы математикалық тапсырмалар оқушылардан:

- нақты жағдайды түсінуді;
- математикалық модель құруды;
- есептеуді және нәтижені түсіндіруді талап етеді.

Бұл тапсырмалар оқушының логикалық ойлауын, аргументациясын, дәлелдеу қабілетін дамытады. Сондықтан PISA форматына негізделген оқыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда тиімді құрал болып табылады.

PISA тапсырмаларындағы математикалық процестер:

Мәселені тұжырымдау (формулировка) : оқушы күнделікті өмірлік жағдаяттардан қажетті ақпаратты бөліп алып, оны математикалық түрде сипаттауы тиіс. Бұл кезеңде мәселені түсіну, талдау және есептің мақсатын анықтау жүзеге асады.

Модель құру: оқушы нақты жағдайды математикалық модельге айналдырады (формулалар, теңдеулер, диаграммалар т. б.). Бұл – абстракциялау процесі.

Есептеу және интерпретация: есептеулер жүргізіліп, модель арқылы шешім табылады. Алынған нәтижелер нақты жағдайға сәйкестендіріліп түсіндіріледі.

Нәтижені түсіндіру және бағалау: шешімді өмірлік контексте түсіндіру, оның дұрыстығын, маңыздылығын бағалау жүзеге асады.

Тапсырмаларды сабаққа кіріктіру жолдары

• **Сабақ құрылымында қолдану:** PISA формасындағы тапсырмаларды сабақтың кіріспе бөлімінде мотивация ретінде, негізгі бөлімде жаңа білімді бекіту үшін, қорытынды бөлімде рефлексия немесе бағалау ретінде қолдануға болады.

• **Топтық және жұптық жұмыс:** Тапсырмалар оқушылардың пікір алмасуын, талдауын талап ететіндіктен, топтық жұмысқа өте тиімді.

• **Интеграция:** Математикалық тапсырмаларды басқа пәндермен (физика, биология, экономика) кіріктіре отырып қолдану арқылы пәнаралық байланыс орнатылады.

• **Бағалау тәсілдері:** Дескрипторлар мен критерийлер негізінде оқушылардың жауаптарын бағалау – олардың өздігінен ойлау, дәлелдеу қабілеттерін дамытады.

• **Цифрлық платформаларда қолдану:** Онлайн форматтағы тапсырмаларды Google Forms, LearningApps, Kahoot сияқты платформаларда ұйымдастыру оқушылардың қызығушылығын арттырады.

• **Оқушылардың шығармашылығын дамыту:** Оқушыларға өздері күнделікті өмірден тапсырма құрастыруға мүмкіндік беру – функционалдық сауаттылықтың дамуына ықпал етеді.

Сабақта қолдануға арналған PISA үлгісіндегі тапсырмалар:

1- Контекст: Ұялы байланыс тарифтері.

13 Тапсырма: Екі түрлі мобильді байланыс компаниясы бар:

• А компаниясы: айына 2000 теңге, ішіне 100 минут пен 5 ГБ интернет кіреді.

• В компаниясы: минутына 20 теңге, 1 ГБ интернет – 400 теңге.

Студент айына шамамен 120 минут сөйлесіп, 4 ГБ интернет қолданады. Қай компания тиімді? Есептеп, жауабыңызды түсіндіріңіз.

Құзыреттер:

☒ Математикалық модельдеу

☒ Салыстыру, шешім қабылдау

☒ Түсіндіру, негіздеу

2- Контекст: Саяхат жоспары

13 Тапсырма: Сабит 600 км қашықтықтағы ауылға бармақшы. Ол орташа жылдамдығы 75 км/сағ болатын автобуспен немесе орташа жылдамдығы 90 км/сағ болатын пойызбен бара алады. Автобус 2 сағат сайын жүреді, пойыз – әр 4 сағат сайын. Қай көлік түрін таңдаса, уақыты үнемделеді?

Құзыреттер:

☒ Уақытты есептеу

☒ Жол/жылдамдық/уақыт арақатынасын қолдану

☒ Шынайы жағдайды бағалау

3- Контекст: Су ыдысын толтыру

13 Тапсырма: 5 литрлік және 3 литрлік екі ыдыс бар. Қолда тек шелекпен су құюға болады. 4 литр суды қалай дәл өлшеуге болады?

Құзыреттер:

☒ Логикалық ойлау

☒ Шешу стратегиясын құру

☒ Қайталау арқылы нәтиже шығару

4- Контекст: Электр энергиясын тұтыну

13 Тапсырма: ай сайынғы электр энергиясы үшін төлем есептеледі:

• 100 кВт/сағ дейін – 12 теңге/кВт

• 100 кВт/сағ асқаннан кейін – 18 теңге/кВт

Егер студент 160 кВт/сағ электр энергиясын пайдаланса, қанша теңге төлеуі керек?

Құзыреттер:

☒ Екі бөліктен тұратын функциямен жұмыс

☒ Қарапайым арифметикалық амалдар

☒ Күнделікті өмірмен байланысты

5- Контекст: Банктегі салым

6- Асқар жылдық 10% сыйақы мөлшерлемесімен банктен депозит ашқысы келеді. Ол салым мерзімі 3 жылға арналған және сыйақы жыл сайын капиталдандырылады (яғни, пайыз алдыңғы жылдың соңындағы жалпы сомаға есептеледі).

13 Тапсырма: Асқар банктегі шотына 200 000 теңге салды.

1. Бір жылдан кейін шоттағы соманы есептеңіз.

2. Үш жылдан кейін қанша теңге жинақталады?

3. Егер Асқар бұл соманы 5 жылға салса, бірақ жылдық 8% мөлшерлеме ұсынылса, қай нұсқа тиімдірек болар еді? Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

Бағалау критерийлері:

☒ Мәселені түсіну, есептің мәнін ажырату

☒ Математикалық модель құру (пайыз формуласы)

☒ Есептеу нәтижелерінің дұрыстығы

☒ Шешімді нақты контексте түсіндіру және негіздеу

7- Контекст: Рецепт – Аспаздық есеп

8- Айгүл 4 адамға арналған бәліш дайындамақшы. Рецепт бойынша оған 2 жұмыртқа, 200 г ұн, 150 мл сүт және 100 г қант қажет.

❏ Тапсырма:

1. Егер Айгүл 10 адамға бәліш пісіргісі келсе, әрбір ингредиенттен қанша мөлшерде қажет болады?
2. Егер үйде тек 3 жұмыртқа болса, қалған ингредиенттер мөлшерін пропорционалды түрде есептеп, неше адамға бәліш пісіруге болатынын анықтаңыз.
3. Егер бір адамға арналған бәліштің құны орта есеппен 400 теңге болса, 10 адамға бәліш пісіру үшін қанша теңге қажет болады?

Бағалау критерийлері:

- ☒ Пропорцияны қолдана білу
- ☒ Математикалық есептеулердің дұрыстығы
- ☒ Логикалық ойлау және өмірлік жағдаймен байланыс
- ☒ Өз шешімін түсіндіру

9- Контекст: *Еденге плитка төсеу*

10- Марат өз үйіндегі асүйдің еденіне плитка төсеуді жоспарлап отыр. Бөлменің ұзындығы – 6 метр, ені – 4 метр. Плитканың бір данасының өлшемі – 0.5 м × 0.5 м.

❏ Тапсырма:

1. Бөлменің жалпы ауданын есептеңіз.
2. Бір плитканың ауданын анықтаңыз.
3. Бұл бөлме үшін ең аз дегенде неше плитка қажет екенін есептеңіз (артық плиткalar есепке алынбасын).
4. Егер әр плитканың бағасы 600 теңге болса, плитка сатып алуға кететін шығынды анықтаңыз.

Бағалау критерийлері:

- ☒ Геометриялық формулаларды дұрыс қолдану
- ☒ Қадаммен есеп жүргізу
- ☒ Жауапты дәлелдеу және түсіндіру
- ☒ Өмірлік есепті тиімді шешу

Бұл тапсырмалар функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. PISA тапсырмалары арқылы оқушының математикалық білімі мен дағдыларын нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстырып, мәселелерді шешу қабілетін қалыптастырады.

Бүкіләлемдік тәжірибеде білім беру саласында білімнің де дағдының да маңыздылығы кең. Заманауи тәсілдің басты ерекшелігі - білімді алып қана қоймай, оны орынды жерде қолдану. Осы ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, «өмірдің өзгерістеріне дайын болатын», белсенді және шығармашыл ойлайтын,

интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс деп есептеймін.

БАҒДАБАЕВ БЕКАРЫС АСЫЛБЕКҰЛЫ,

Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі

Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутино ауылы

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ – САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі заманда адамдардың өмір сүру салты айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Ғылым мен техника қарыштап дамыған сайын, адамның күнделікті қызметі жеңілдеп, физикалық белсенділік азайып барады. Жұмыс орындарында көбіне отырықшы өмір салты қалыптасқан, ал бос уақыт көбіне смартфон, компьютер, теледидар алдында өтеді. Мұндай өмір салты адамның денсаулығына зиянын тигізіп, түрлі аурулардың пайда болуына себепкер болуда. Осы тұста, дене шынықтыру – денсаулықтың басты тірегі, салауатты өмір салтының негізі ретінде ерекше маңызға ие.

Дене шынықтыру дегеніміз не?

Дене шынықтыру – адамның денсаулығын нығайту, физикалық қабілеттерін жетілдіру және ағзаны шынықтыру мақсатында жүргізілетін жүйелі жаттығулар мен қозғалыс әрекеттерінің жиынтығы. Ол спортпен тығыз байланысты болғанымен, дене шынықтырудың негізгі мақсаты – денсаулықты сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, адамның өмірлік қуатын арттыру.

Дене шынықтырудың адам ағзасына әсері

Дене белсенділігі адам ағзасына жан-жақты оң әсер етеді. Ең алдымен, жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысын жақсартады, жүрек бұлшықетінің күшеюіне және қан айналымының жақсаруына көмектеседі. Сондай-ақ, тыныс алу жүйесін жетілдіреді, өкпенің жұмысын жақсартады, терең және дұрыс тыныс алуға үйретеді. Бұл, өз кезегінде, ағзаның оттегімен қамтамасыз етілуін жақсартады.

Дене жаттығулары тірек-қимыл аппаратын нығайтады. Бұлшықеттер мен сүйектерді берік етеді, буындар мен омыртқа қозғалысын жақсартады. Сонымен қатар, дене белсенділігі артық салмақтан арылуға көмектеседі, зат алмасуды қалыпқа келтіреді және диабет, гипертония сияқты созылмалы аурулардың алдын алуға септігін тигізеді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, дене жаттығулары күйзелісті азайтады, ұйқыны жақсартады, сергектік пен жақсы көңіл-күй сыйлайды. Адам өзін белсенді, күшті, мақсаткер сезінеді. Сонымен қатар, дене белсенділігі ми қызметін жақсартып, ойлау қабілетін арттырады.

Салауатты өмір салтының негізгі бөлігі

Салауатты өмір салты – бұл тек спортпен айналысу немесе дұрыс тамақтану ғана емес. Бұл – кешенді ұғым. Оның құрамына зиянды әдеттерден бас тарту (шылым шегу, алкоголь, есірткі), дұрыс күн тәртібін ұстану, толыққанды ұйқы, стрессті басқару, және, әрине, дене белсенділігі кіреді. Дене шынықтыру – осы кешеннің негізінде тұрады.

Күнделікті өмірде физикалық белсенділікке уақыт бөлу – денсаулыққа жасалған ең тиімді инвестиция. Таңғы жаттығу, серуен, велосипед тебу, жүзу, жүгіру, йога немесе қарапайым созылу жаттығулары – мұның бәрі денені сергітіп, күні бойы белсенді болуға көмектеседі.

Дене шынықтырудың білім беру жүйесіндегі орны

Мектептер мен жоғары оқу орындарында дене шынықтыру пәні міндетті түрде оқытылады. Бұл – оқушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған маңызды қадам. Балалар мен жасөспірімдер үшін дене шынықтыру – физикалық дамудың, тәртіп пен ерік-жігердің, ұжымда жұмыс істеу дағдысының қалыптасуының негізі.

Дене шынықтыру сабақтарында оқушылар спорттың әр түрімен танысады, жарыстарға қатысады, өз қабілеттерін сынайды. Сонымен қатар, оларда өз-өзіне деген сенімділік артады, өмірлік белсенді көзқарас қалыптасады. Бұл болашақта да салауатты өмір салтын ұстануға үлкен ықпал етеді.

Қоғамдық денсаулық және дене шынықтыру

Қоғамның әл-ауқаты оның мүшелерінің денсаулығына тікелей байланысты. Халықтың денсаулығы – елдің экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуының негізі. Сол себепті мемлекет тарапынан бұқаралық спортты дамыту, спорттық инфрақұрылымды кеңейту, спорт кешендерін салу, спорттық іс-шараларды ұйымдастыру – аса маңызды мәселелердің бірі.

Соңғы жылдары елімізде салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы, мектептегі "Спорт сағаты", "Жастар спортта" сияқты бастамалар дене шынықтырудың қоғам өміріндегі маңызын арттырып келеді.

Ересектер мен қарттар үшін дене белсенділігінің рөлі

Көптеген адамдар спортпен тек жастар айналысады деген қате пікірде. Шын мәнінде, дене белсенділігі – кез келген жастағы адамға қажет. Ересектер үшін дене шынықтыру – бұл күйзеліс пен шаршаудан арылудың, белсенді әрі ұзақ өмір сүрудің жолы. Кеңседе ұзақ уақыт отырып жұмыс істейтін адамдарға қозғалыс әсіресе қажет.

Қарт жастағы адамдар үшін де дене белсенділігі бұлшықет әлсіздігін болдырмауға, буындардың қозғалысын сақтауға, жүрек пен тыныс алу жүйесінің жұмысын жақсартуға көмектеседі. Жаяу жүру, жеңіл гимнастика, тыныс алу жаттығулары – бұл жас ерекшелігіне сай тиімді әдістер.

Қарапайым кеңестер: Қозғалысты қалай көбейтуге болады?

Таңертең 5–10 минуттық жаттығудан бастаңыз. Бұл күнді сергек бастауға көмектеседі.

Лифттің орнына баспалдақты таңдаңыз. Бұл – аяқ бұлшықеттерін дамытуға керемет мүмкіндік.

Күнделікті серуендеуді әдетке айналдырыңыз. Кешкі серуен – денсаулыққа пайдалы әрі жүйке жүйесін тыныштандырады.

Аптасына кемінде 2–3 рет белсенді жаттығу жасаңыз. Бұл жүгіру, жүзу, фитнес, йога немесе билеу болуы мүмкін.

Жұмыс арасында 5–10 минут үзіліс жасап, керіліп-созылыңыз. Бұл шаршауды басуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, дене шынықтыру – денсаулықты нығайтудың ең қарапайым әрі тиімді жолы. Ол адамның физикалық жағдайын жақсартумен қатар, психологиялық және эмоциялық тұрғыдан да үлкен қолдау көрсетеді. Салауатты өмір салтына бет бұру – әр адамның жеке таңдауы, ал дене белсенділігі сол таңдаудың басты тірегі болуы тиіс. Бүгінгі жасалған қадам – ертеңгі жарқын болашақтың кепілі. Ендеше, дене шынықтыруды күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырып, өзіміздің және ұрпағымыздың денсаулығына қамқор болайық!

КЕМЕЛІХАНОВ БЕКАРЫС ҚҰРАҚБАЙҰЛЫ,
Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі
Арнайы пән оқытушысы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутино ауылы

ИНТЕРНЕТ ЗАТТАР (IOT) ЖӘНЕ SMART CITY ЖОБАЛАРЫ

Қазіргі заманғы әлемде технологиялардың дамуы қалалардың жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуде. Интернет заттар (IoT) және Smart City (Ақылды қала) жобалары осы өзгерістердің негізгі қозғаушы күші болып табылады. IoT технологиясы арқылы құрылғылар бір-бірімен байланыса алады, ал Smart City жобалары қалалық инфрақұрылымды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада IoT пен Smart City түсініктері, олардың қолданылуы және болашағы қарастырылады.

IoT (Интернет заттар) деген не?

IoT (Internet of Things) – бұл интернет арқылы бір-бірімен байланысатын физикалық құрылғылар желісі. Олар сенсорлар, байланыс модульдері және арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы деректерді жинау, талдау және басқаруға мүмкіндік береді. IoT құрылғыларына мыналар жатады:

- Ақылды үй құрылғылары (Smart Home – термостаттар, қауіпсіздік жүйелері) .
- Денсаулықты бақылау құралдары (фитнес білезіктер, қан қысымын өлшегіштер) .
- Өнеркәсіптік IoT (зауыттардағы машиналарды бақылау) .

IoT-тің негізгі артықшылықтары:

- Автоматтандыру – құрылғыларды қашықтан басқару.
- Энергия үнемдеу – ресурстарды оңтайлы пайдалану.
- Деректерді талдау – үлкен ақпарат көлемін өңдеу арқылы тиімді шешімдер қабылдау.

Smart City (Ақылды қала) жобалары

Smart City – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ICT) және IoT құрылғыларын пайдалана отырып, қала тұрғындарының өмірін жеңілдетуге бағытталған жоба. Бұл жобалардың негізгі мақсаты – қалалық инфрақұрылымды жақсарту, қоршаған ортаны қорғау және азаматтарға қызмет көрсетуді жеңілдету.

Smart City-дің негізгі элементтері

1. Ақылды көлік жүйелері

- Бақылау камералары мен датчиктер арқылы трафик ағынын реттеу.
- Электрлік көліктерді дамыту және ақылды парковкалар.

2. Энергия тиімділігі

- Ақылды электр желілері (Smart Grid) – энергияны үнемдеу.
